

Ж. Жылқыбайұлы^{1*}, Р.С. Тұрысбек¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: Jauinbai01@mail.ru, rst58@mail.ru)

Алаш әдебиетіндегі азаттық идеясының поэтикалық репрезентациясы

Мақалада Алаш әдебиетіндегі азаттық идеясының поэтикалық репрезентация құбылысы жан-жақты қарастырылады. Репрезентация термині әдебиеттану саласына философия, психология, лингвистикадан енген, пәнаралық байланыста қолданылатын көп мағыналы ұғым. Дегенмен репрезентация ұғымын әдебиеттану саласында кірістіріп, кешенді түрде талдауға арналған еңбектердің жеткіліксіздігі байқалады. Бұл зерттеудің мақсаты — Алаш әдебиеті кезеңіндегі әдеби үдерістің даму сипаты, поэтикалық қызметін айшықтай отырып, азаттық идеясының поэтикалық репрезентациясына қатысты талдаулар ұсыну. Бұған қол жеткізу үшін мұқият оқу (close reading) және герменевтикалық интерпретация, критикалық дискурс-анализ (CDA) әдістері қолданылды. Сонымен қатар репрезентация терминіне Стюард Холл, Джеймс Янг сынды зерттеушілер мен әдебиеттанушылардың берген анықтамалары талданып, әдебиетте репрезентацияның қолдану ерекшеліктері жайлы тұжырымдары зерттеліп, оның мәтіндегі рөлі талдау нәтижесінде зерделенеді. Алаш әдебиеті ХХ ғасыр басында үстемшіл биліктің гегемониясына әдеби қарсылықтан туып, әдеби үдеріс қайта жанданып, әдеби поэтика, көркемдік формалар мен идеялық ықпалдастық жаңа ізденістерге жол ашты. Алаш әдебиеті өкілдерінің азаттық идеясын халықтың қоғамдық-саяси ахуалына қарай негіздей отырып, метафоралық, аллегориялық, символдық, мифопоэтикалық және сакралдық образдар негізінде репрезентациялау көркем мәтін қуатын, қызметін тереңірек зерттеуге, оның мағыналық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, М. Жұмабайұлы, Ғ. Қараш шығармашылығынан алынған мысалдар негізінде репрезентацияның көркем мәтіндегі қолданыстары қарастырылды. Репрезентацияның негізгі ниет, танылу, сілтеме шарттары арқылы шындыққа деген автордың көзқарасының астарлы бейнеленуі және ол форма мен мазмұнның бірлігінде көрініс табуы сарапталды. Алаш поэзиясында азаттық идеясы көркем репрезентацияның басты өзегіне айналып, отарлық дискурстың символдық бейнелері мен еркіндік метафоралары арқылы ұлттың рухани қарсылығы мен тәуелсіздік мұратын танытады. Репрезентация автордың шындыққа деген көзқарасын тарихи сілтемелер арқылы көркем бейнелей алатындығы, көркем мәтіндердің ортақ бірлік құрылымын қалыптастыруға мүмкіндік беретіндігі, оқырманның шығарманы тану қабілетін арттырып, мәтінді жан-жақты түсінуге ықпал ететіндігі зерделенеді. Мақалада репрезентация арқылы автордың ойы мен нысанын тану, тарихи сілтемелер арқылы тарихи шындықтың көркем бейнелену қызметі көрсетіледі. Алаш әдебиетіндегі азаттық идеясының поэтикалық репрезентациясын талдау ел әдебиетінің көркемдік-эстетикалық дамуы мен бүгінгі әдеби теориялық парадигмалар арасындағы сабақтастықты көрсетуге мүмкіндік береді. Мақала авторы бұл зерттеу Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылығындағы азаттық идеясының мәнін бүгінгі Қазақстанның ұлттық санасы мен рухани тәуелсіздігі тұрғысынан айқындауға үлес қосады деп үміттенеді.

Кілт сөздер: Алаш әдебиеті, репрезентация, әдеби қарсылық, әдеби үдеріс, поэтика, шығармашылық ықпалдастық, әдеби образ.

Kipicne

Әдебиет — халықтың тарихи тәжірибесін, рухани болмысын, азаттыққа ұмтылысын, жалпы адамзаттық немесе мәңгілік мәні бар идеяларды бейнелейтін мәдени код. ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде қазақ қоғамында отарлық биліктің саяси, әлеуметтік және мәдени гегемониясы өрши түсті. Осы тарихи жағдайда дүниеге келген Алаш әдебиетінің өкілдері азаттық пен рухани ояну идеяларын басты көркемдік тақырыпқа айналдырды. Әдебиет тек қана эстетикалық құбылыс қана емес, сонымен бірге ұлттық идеялардың репрезентациясы, яғни қоғамдағы күрделі саяси-әлеуметтік процестердің көркем бейнесі ретінде қызмет атқарды. Зерттеу тақырыбының өзектілігі Алаш әдебиетіндегі азаттық идеясының поэтикалық репрезентациясын жүйелі түрде талдау арқылы қазақ әдебиетінің көркемдік-идеялық дәстүріндегі ұлт-азаттық ойдың табиғатын, бейнесін ашып көрсету. Қазақ әдебиеттануында репрезентация ұғымы көбіне тілтанымдық аспектіде қарастырылғанымен, оның поэтикалық және

* Хат-хабар үшін автор.e-mail: Jauinbai01@mail.ru

дискурстық табиғаты арнайы жүйелі түрде зерттелмеген. Алаш әдебиеті отарлық билікке қарсы ұлт-азаттық идеяларын тек саяси ұрандармен ғана емес, поэтикалық репрезентация деңгейінде — образ, метафора, аллегория, символ және басқа да көркемдік тәсілдер жүйесінде жеткізді. Әдебиеттегі мұндай көркемдік шешімдер сол кезеңдегі халық жадын қайта жаңғыртуға, ұлттық сана-сезімін оятып, азаттыққа ұмтылысын жеделдетсе, бүгінгі күні әдеби дәстүрдегі ұлт-азаттық ойдың маңызын терең түсінудің өзекті міндеті. Репрезентация көркем сананың әлемді, тарихи кезеңді, тарихи шындықты, астарлы ұғымдарды бейнелеу тәсілін жаңаша түсіндіру құралы ретінде маңызды категорияға айналды. Ұлттық әдеби үдерістерді герменевтикалық және когнитивтік тұрғыдан талдау бұл ұғымның танымдық өрісін кеңейтеді. Мақалада Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылығындағы жалпыұлттық азаттық идеясының поэтикалық бейнелену тетіктерін кешенді түрде талдау жүргізіледі.

Әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысының материалы ретінде Алаш әдебиетінің өкілдері Міржақып Дулатұлы «Қазақ халқының бұрынғы машиғаты», Ахмет Байтұрсынұлы «Сөз иесінен», Мағжан Жұмабайұлы «Орал тауы», «Есімде... тек таң атсын!», «Бостандық», Бернияз Күлеев «Ер ерлеріне», «Бостандық болғанда бір қыздың тілегі», Ғұмар Қараш «Саған не болды», Сәбит Дөнентаев «Гой» өлеңдері таңдап алынды. Мәтіндерді талдау үшін репрезентация және азаттық ұғымдарының ортақ бірлігін байланыстыра отырып, Стюард Холл «Representation cultural representations and signifying practices», Франц Фанон «The Wretched of the Earth», Джеймс Янг «Representation in Literature», Айгүл Исмакова «Міржақып Дулатұлының шығармашылығы: деколониялық дискурс» және т.б. зерттеушілердің еңбектері мен пікірлері пайдаланылды.

Алаш әдебиеті өкілдерінің шығармашылығындағы азаттық идеясының репрезентациясын талдау және зерделеу мақсатында мәтіндерді мұқият оқу (close reading) және герменевтикалық интерпретация әдісі қолданылды. Ол көркем мәтіннің астарлы мағыналарын ашуға, автордың позициясы мен поэтикалық репрезентация тәсілдерін түсіндіруге мүмкіндік берілді. Сонымен қатар зерттеу барысында критикалық дискурс-анализ (CDA) әдісі қолданылды. CDA әдісі поэтикалық дискурстың әлеуметтік астарын, отарлық билікке бағытталған әдеби қарсылық, риторикалық сұрақ пен репрезентация үлгілерін анықтауға үлес қосады. Осы үш әдістің бірлігі поэтикалық мәтінді репрезентация тұрғысынан қарастыруға, Алаш әдебиетінің азаттық эстетикалық, когнитивтік деңгейде кешенді түрде талдауға мүмкіндік береді.

Нәтижелер мен оларды талқылау

Репрезентация термині ғылымға психологиядан енген ұғым, ол адамның (автордың) ішкі дүниесін таңбалық жүйемен, яғни оның сезімдері мен әсерлерінің көрінісін көркем бейнелеу арқылы сипаттайды. «Репрезентация сөзін латын тілінен тікелей аударғанда «repraesentatio», «re» және «praesentare» — «көрсету, ұсыну» деген мағына береді. Бұл термин философия, психология, әлеуметтану, лингвистика және т.б. ғылым салаларында кеңінен қолданылатын көп мағыналы ұғым. Барлық саладағы ортақ мағына — «бір нәрсені екінші нәрсенің негізінде елестету және басқа нәрсе арқылы көрсету» [1], – деп аталады. Әдебиеттегі қиял мен шындықтың арақатынасын зерделеген әдебиеттанушы Джеймс Янг репрезентация ұғымының қалыптасу кезеңін «әдеби шығармалардың реалдылықты бейнелеуге қабілетті екендігі туралы көзқарас — ежелден қалыптасқан түсінік, оның іргетасы Аристотельдің «Поэтикасынан» бастау алады. Аристотельдің бұл жөніндегі тұжырымдары кейінгі ғасырларда да қайталанып, дамытылып отырды» [2], – деп, Аристотельдің «memisis» қағидасын негізге алды. Ол бұл дәстүрлі ұстанымды кеңейте отырып, көркем мәтінді шындықтың жай ғана көрінісі емес, оның мәдени-тарихи репрезентациясы мен мағыналық қайта құрылымы ретінде қарастырды. Әдебиеттану мен мәдениеттануда репрезентация теориясы көркем мәтінді тек эстетикалық құбылыс ретінде ғана емес, сонымен бірге идеологиялық және мәдени дискурс ретінде зерделеуге мүмкіндік береді. Әлеуметтану профессоры Стюард Холл «Representation cultural representations and signifying practices» еңбегінде «репрезентация жүйелері — жазба, сөйлеу, ым-ишара, көру бейнелеулері арқылы белгілі бір ұғымдар мен идеяларды білдіруге, сондай-ақ сол жүйелер арқылы жеткізілген ойларды түсіндіруге мүмкіндік беретін кодтарды игереді [3; 22], – деп анықтама береді. Профессордың пайымдауынша, репрезентация ұғымы белгілі бір мәдениеттің өкілдері арасындағы мағына өндіру үдерісін білдіреді. Бұл үдеріс құрамына тіл, таңба, бейнелер мен нышандарды қолдану кіреді, олар өз кезегінде заттарды не ұғымдарды символдайды немесе

репрезентациялайды. Әдебиеттанушы, ғалым Джеймс Янг әдебиеттегі репрезентация ұғымын: «R белгілі бір O объектісінің репрезентациясы, егер және тек қана субъект S R-ді O объектісін алмастырушы белгі ретінде қолдануға ниеттенсе және аудитория A (мұнда A субъект S-пен бірдей емес) R-дің O объектіні білдіретінін тануға қабілетті болса» [4], – деп түсіндіреді. Мәтін белгілі бір ұғымның репрезентация болуы үшін үш қажетті шарт бар. Біріншіден, егер бір ұғым қандай да бір объектінің репрезентациясы болса, ол объектіні бейнелеуі тиіс. Екіншіден, егер бір ұғым репрезентация болса, ол әдейі репрезентация ретінде қолданылуы керек. Мұны «интенционалдық шарт» деп атауға болады. Үшіншіден, бұл — «танылу шарты» ешнәрсе репрезентация бола алмайды, егер ол автордың ниеті бойынша репрезентацияланса да, оны басқа біреу (автордан өзге) объектінің бейнесі ретінде танып-біле алмаса. Сондай-ақ қазіргі әдебиеттануда репрезентация ұғымы тек шындықтың «көшірмесі» емес, ол белгілі бір мағыналық құрылымды саналы түрде құрастыру процесі ретінде қарастырылады. Бұл тұрғыда У.Ж.Т. Митчелл репрезентацияны «бір нәрсенің орнына жүретін белгі» ретінде емес, «әлеуметтік және саяси күштердің өзара әрекеттесу алаңы» [5; 559], – деп сипаттайды. Осыған сәйкес, Алаш поэзиясындағы азаттық идеясы — бұл жоғалған еркіндікті жай ғана еске түсіру емес, ол мәтін ішінде жаңа ұлттық бірегейлікті символдық деңгейде қайта құрылымдау. Постколониалдық теорияның негізін салушы Хоми Бхабха репрезентация мәселесін отарланған мәдениеттің «аралық кеңістігі» тұрғысынан зерделейді [6; 85]. Бхабханың тұжырымдасы негізінде отарланған субъектінің репрезентациясы ешқашан біркелкі емес, ол мимикрия мен қарсылықтың арасындағы күрделі қатынастан тұрады. Алаш поэзиясындағы азаттық идеясы дәл осы «аралық кеңістікте» қалыптасқан ақындар отаршыл жүйенің тілін, формаларын қолдана отырып, оның ішіне мүлдем басқа, деколониалдық мағына үстеді. Осы тұрғыдан алғанда, Алаш қайраткерлерінің шығармаларын отарлық биліктің гегемониясына қарсы күрескен азаттық идеясының поэтикалық репрезентациясы тұрғысынан қарастыру орынды. Серік Қирабаев [7], Рымғали Нұрғали [8], Тұрсын Жұртбай [9], Айгүл Ісмақова [10], Өмірхан Әбдіманұлы [11], Дихан Қамзабекұлы [12] секілді зерттеушілердің еңбектерінде Алаш қайраткерлерінің әдеби мұрасы жан-жақты қарастырылып, олардың идеялық, көркемдік, поэтикалық маңызы терең зерделенді. Дегенмен бұл зерттеулерде жалпыұлттық азаттық идеясының репрезентациясының шарттары мен поэтикалық бейнелену тетіктерін кешенді түрде талдаудың жеткіліксіздігі байқалады. Сондықтан бұл зерттеу Алаш әдебиетіндегі азаттық идеясының көркем репрезентациясын поэтикалық құрылыммен байланыстырып талдауды мақсат етеді.

Постколониалдық ғалым Франц Фанон «The Wretched of the Earth» атты еңбегінде отаршылдыққа қарсы күрес процесін үш деңгейлі схема арқылы талдайды. «Бірінші кезең — «колониялық ассимиляция», яғни жергілікті интеллигенция өкілдерінің метрополия мәдениетіне бейімделуі, отарлық дискурста сінуі. Екінші кезең — «бұзылу» (rupture), мұнда автор өз ұлттық болмысын қайта қалпына келтіруге ұмтылып, мәдени дәстүрлерді жаңғыртуға бет бұрады. Үшінші кезең — «күрес», мұнда ойшыл, отар елдің төл тұрғыны ретінде автор белсенді түрде азаттық қозғалысына араласады, өзінің саяси рөлін бекітіп, колониялық агрессияға қарсы тұрады» [13]. Ф. Фанон үш топқа жіктегендей, XX ғасыр басында ел әдебиетінде отарлық билікке қарсы «күрес» кезеңі басталды. Алаш әдебиетінің өкілдері күрделі саяси-әлеуметтік мәселелерді алдыға шығарып, отарлық биліктің гегемониясына әдеби қарсылық көрсетті. Яғни, Алаш ақындары азаттықты тек армандаған жоқ, олар оны мәтін ішінде жаңа саяси шындық ретінде «құрастырды». Бұл қарсылық 1909 жылы жарық көрген Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағынан ашық көрініс тапты. Академик Рымғали Нұрғали «Оян» сөзі — автордың биік идеялық мақсаты, басты рухани нысанасы» [8; 87], – дейді. Бұл ойды әдебиеттанушы, ғалым А. Исмақова «автордың «Оян, қазақ!» еңбегі — ұлттық сананы серпілтуге бағытталған саяси-публицистикалық манифест. Онда Міржақып қазақ халқының ұйқыдағы хәлін сипаттап, білімсіздік пен енжарлықтың себептерін отарлық жүйемен байланыстырады. Бұл туындыда автордың деколониалдық ұстанымы нақты айқындалады: халықтың тарихи жадын оятуға, өзін-өзі тануға, ұлт ретінде тірілуге үндеу жасалады» [14], – деп негіздейді. Міржақып Дулатұлы «Оян, қазақ!» жинағына енген «Қазақ халқының бұрынғы машиғаты» атты өлеңінде қазақтың байырғы тұрмысын, азат күнін поэтикалық көркем түрде бейнелейді.

Қазақтың қандай еді машиғаты,
Бір күнде көшіп қонған рақаты?
Қайғы жоқ, хасірет жоқ, қыз-бозбала
Түзеген бәсекемен салтанаты.

...

Ішкен мас, жеген тоқ боп жүруші еді,
Түзеліп бозбаланың саяхаты.
Бүлдірген, шие тере кетуші еді,
Қыз-келіншек, мырзалардың жамағаты [15; 31].

Бұл жолдардағы мағишат сөзі тіршілік, тұрмыс деген мағынаны білдіреді. Автор отарланған кезеңде дүниеге келгендіктен, елдің азат, бейбіт күнін көзімен көрмесе де, халықтың сол кездегі саяси-әлеуметтік хал-ахуалын ескере отырып, көшпелі елдің еркін, мамыражай тіршілік кешкен кезеңі арқылы азаттық ұғымын репрезентациялайды. Яғни, бір нәрсені екінші нәрсе негізінде елестетеді. Әдебиеттанушы, жазушы Сәбит Мұқанов «Оян, қазақ!» отаршылдық қысымының күшті кезінде, қазақ даласының патша үкіметіне қарсы көңілін оятқан шығарма болды» [16; 127], – деп, ақын өлеңдерін сол кезеңде елді оятуға бағытталған программа ретінде қолданылғанын баяндайды. Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы қазақ даласына кеңінен таралып, патша үкіметіне саяси және әдеби қарсылық әр өңірде өрши түседі. Әдебиеттанушы, ғалым Елдос Тоқтарбайдың тілімен айтар болсақ, «бір ғана «Оян, қазақтың» өзі тек қазақ қоғамының ғана емес, түрік дүниесінің, шығыс халықтары әлемінің де дүр сілкінуіне зор ықпалын тигізді. «Оян, қазақ» кітабының артынан іле-шала қызылжарлық ақын Байбатыр Ержанұлының 1914 жылы Қазанда «Тұр, қазақ!», Әбілқасым Арғынидің Ташкентте 1917 жылы «Жатпа, қазақ!» кітаптары жарыққа шығып, Түркістан өлкесінде «Оян» мотивін қалыптастырады» [17]. М. Дулатұлы шығармашылығындағы азаттық идеясы прагматикалық-дискурстық сипатқа ие. Автор репрезентацияның дидактикалық функциясын пайдалана отырып, оқырманды пассивті бақылаушыдан активті әлеуметтік субъектіге айналдыруды мақсат еткен.

Ахмет Байтұрсынұлының 1909 жылы «Қырық мысал» жинағы мен 1911 жылы жарық көрген «Маса» атты жинағындағы туындылар азаттық ұғымын аллегориялық сипатта иллюстративті репрезентациялайды. Ақын «Сөз иесінен» өлеңінде:

Ызындап ұшқан мынау біздің маса,
Сап-сары, аяқтары ұзын маса.
Өзіне біткен түсі өзгерілмес
Дегенмен қара яки қызыл маса.
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,
Қаққы жеп, қанаттары бұзылғанша,
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,
Қоймастан құлағына ызындаса?! [18; 84].

Аталған жолдар арқылы халықтың енжарлығын, қалың ұйқыдағы әлеуметтік-саяси ахуалын поэтикалық репрезентациялауға қызмет етеді. Өлеңдегі «ұйықтаған адам» метафорасы арқылы халықтың қараңғы тұрмыс-тіршілігін көрсетсе, «ызындаған маса» бейнесінде қазақ зиялыларының іс-әрекеті суреттеледі. А. Байтұрсынұлының «Маса» жинағындағы маса бейнесі тек аллегориялық символ ретінде ғана емес, сонымен бірге дыбыстық-поэтикалық репрезентация ретінде де көрінеді. Масының «ызыңы» поэтикалық мәтінде акустикалық бейне қызметін атқарып, қоғамдағы рухани селқостық пен отарлық кезеңдегі «өлі тыныштықты» бұзатын символдық сигнал ретінде беріледі. Бұл дыбыстық образ оқырман санасына психологиялық әсер етіп, когнитивтік деңгейде мазасыздық тудыру арқылы пассивті күйден арылу идеясын ишаралайды. Мәдениеттанушы Бхабханың пайымдауы бойынша, отарланған субъектінің үні мимикрия мен қарсылықтың (ішкі мағынаны өзгерту) арасындағы күрделі қатынастан тұрады [6]. «Оян, қазақ!» және «Маса» жинағындағы аллегориялық репрезентация — бұл отаршыл биліктің цензуралық қалыптарын қолдана отырып, оның ішіне деколонизациялық мағына үстеген «үшінші кеңістік». Автор осы аралық кеңістік арқылы отаршыл дискурста іштен соққы беріп, ұлттық оянудың символдық моделін құрастырған.

Әдебиеттанушы, ғалым Джеймс Янг «Representation in Literature» мақаласында әдебиеттегі семантикалық және иллюстративті репрезентациялардың қолданысын «Семантикалық репрезентациялар — ақиқатқа сәйкес келетін сөйлемдер. Олар белгілі бір болмысты шындық ретінде сипаттайды. Ал иллюстративті репрезентациялар бір нәрсенің бар екенін тура мәлімдемейді, қайта оны бейнелейді, мысалмен көрсетеді» [4], – деп ашып баяндайды. Иллюстративті репрезентация мәтінде негізінен вербалды бейнелеу, дескриптивті бейнелеу, формалды бейнелеу формалары арқылы көрінеді. Алаш әдебиетінің поэзиясында иллюстративті репрезентацияның барлық түрі кездескенімен, формалды бейнелеу басым сипатқа ие. Бұл құбылыс, ең алдымен көркем мәтіннің ішкі

құрылымдық тұтастығы, идея мен форманың өзара байланысы арқылы айқындалады. Ол шығарманың құрылымдық деңгейінде ырғақтық, интонациялық, композиция және құрылымдық симметрия элементтерінен көрінеді. Алаш әдебиетінде азаттық идеясы тек мазмұндық ұран ретінде емес, формалды бейнелеулер арқылы көркем-эстетикалық деңгейде өрнектеледі.

Отарлық билікке әдеби қарсылық көрсетіп, өз туындыларында азаттықты, еркіндікті ашық және жасырын емеуріндер арқылы көркем бейнелеген ақындардың бірі — Мағжан Жұмабайұлы болды. Ақын «Орал тауы» өлеңінде Ресей империясының отарына айналған түркі халықтарының байырғы еркіндігін, тарихын еске түсіре отырып, Орал тауына мұң шағады.

Бір күнде сенің иең түрік еді,
Орын ғып көшіп-қонып жүріп еді.
Қорықпайтын таудан, тастан батыр түрік
Қойныңа жайыменен кіріп еді...
Ер түрік ен далаңа көрік еді,
Отырса, көшсе, қонса — ерік еді.
Тұрғанда бақыт құсы бастарында,
Іргесі, жел-күн тимей берік еді [19; 10].

Бұл жолдар отарлық кезеңге дейінгі ержүрек түркі халқының алтын дәуірін суреттейді. Ақын өлеңіндегі «бақыт құсы» еркіндік пен азаттықтың метафоралық бейнесі. Оның жоғалуы немесе ұшып кетуі отарлық езгінің нәтижесі ретінде тұспалданады.

Қосылып батыр түрік балалары,

Тапталпа жолын кесіп, тізгінге орал [19; 10], – деп, езілген түркі халықтарын бірлікке шақыра отырып, азаттық идеясын көркемдік деңгейде репрезентациялап, оны ұлттық санада легитимациялайды. Ақынның «Есімде... тек таң атсын!», «Күншығыс», «Алыстағы бауырыма», «Тез барам», «Жер жүзінде...», «Өткен күн», «Айға», «Сырдағы Алашқа», «Түркістан», «Қазағым», «Қараңғылық қоюланып келеді» атты өлеңдері отарлық биліктің қысымына әдеби қарсылықтан туған. Ақын поэтикасында отарлық билікке әдеби қарсылық белгілі бір кезеңді ғана қамтымайды, толық шығармашылығының концептуалдық доминатын құрайды. Мағжан Жұмабайұлы «Есімде... тек таң атсын!» атты өлеңінде:

«Мезгілше, мейлі кетсін, тісі батсын,
Сұр жылан, өзі оятар, қатты шақсын.
Жаңадан жолбарыстай ұмтылармыз,
Көрелік төңіректі, тек таң атсын! [19; 12].

Аталған жолдардағы аллегориялық образдар арқылы «сұр жыланды» отарлық биліктің символы ретінде көрсетсе, «жолбарыс» түркі халықтарының бағзы бейнесі ретінде отарланғанға дейінгі халықтың азат көрінісі суреттелген. Сұр жыланның «тісінің батуы», «қатты шағуы» халықтың тарихи қасіреті мен отарлық езгінің ауырлығын сипаттаса, қайта жолбарыстай ұмтылуға «таң атуын» күту азаттық ұғымының метафорасы ретінде қолданылған. Отарлық билікке әдеби қарсылық Бернияз Күлеев поэтикасында да семантикалық репрезентация арқылы ашық көрініс тапты. Ақын «Ер ерлеріне» атты өлеңінде:

Кім бүлдірді ата мекен еліңді?
Кім тілдірді кіндік кескен жеріңді?
Малды адаммен, қанды жанмен төлетіп,
Кім жүндеді тірідей тонап теріңді? [20; 53].

Бұл жолдар отаршыл биліктің бірнеше ғасырдан бері үстемшіл іс-әрекетіне ашық тарихи сілтеме жасайды. Ақын халықтың саяси-әлеуметтік ахуалын көре отырып, риторикалық сұрақ арқылы отарлық биліктің бетпердесін ашуға тырысады. Әрдайым отарланған халықтың субъектісі билеуші күштің үстем нарративі арқылы жасырынып қалады. Ақын тарихи шындықты семантикалық репрезентация арқылы фактілік тұрғыдан баяндамай, көркем бейнелі символдармен азаттық ұғымының мағыналық негізін қайта түзейді. Халықты «күрбан» күйінен «айыптаушы субъект» деңгейіне көтеріп, ел жадындағы азаттық ұғымын семантикалық тұрғыда қайта өрнектеп, ұжымдық сананы оятудың көркем бейнесін жасайды. Осы кезеңде азаттыққа шақырған көркем туындылар ақын-жазушылар шығармашылығында әдеби үдеріске айналып, кең етек жая бастады. Ғұмар

Қараштың «Саған не болды» өлеңімен Бернияз Күлеевтің «Ер ерлеріне» атты өлеңдерінің мазмұндық, құрылымдық, идеялық бірлігі ортақ. Екі ақын да халықты айыптаушы субъект деңгейіне көтеріп, билеуші үкіметтің іс-әрекетіне жауап беріп, риторикалық сұрақтар арқылы кінәлі билікке ашық қарсылық көрсетуді талап етеді. Ғұмар Қараш «Саған не болды» өлеңінде:

Шыңғыс, Бати хандық құрып тұрған ел,
Қара қыпшақ Қобыланды да туған ел,
Қарсылаға дұспан жауын қуған ел,
Емес пе едің, жұртым, саған не болды? [21; 287].

Аталған жолдарда ақын тарихи-эпикалық белгілермен «саған не болды?» деген риторикалық сұрақ арқылы ұлттық санадағы жарақаттарды ашып көрсетеді. Ақын бұл ономастикалық образдар арқылы оқырман санасында «айбынды өткен шақ» пен «отарланған бүгінгі күн» арасындағы дихотомиялық картинаны тудырады. «Саған не болды?» деген риторикалық сұрақты репрезентация теориясы аясында қарастырсақ, ұлттық «Мен»-ді деконструкциялау және қайта жинақтау тетігі. Қазақ даласында хандық құрған, батыр болған «Шыңғыс», «Бати», «Қобыланды» есімдерін тізбектей отырып, халыққа тарихи айна арқылы оның жоғалған болмысын қайта тануға шақырады. Ақынның «Күн туды», «Көреміз бе?», «Келер ме екен?», «Өтер ме екен?», «Алаш азаматтарына», «Қазаққа», «Алашқа» өлеңдерінде азаттық, қазақ елінің тәуелсіз болашағы, мемлекетшіл ұстанымы, ұлттық бірлік ұғымы көркемдік поэтикалық тұрғыдан айшықталады. Ғұмар Қараш пен Бернияз Күлеев поэтикасындағы азаттық репрезентациясы тарихи ретроспекция мен риторикалық диалогқа негізделген. Қос ақын тарихи тұлғалар бейнесін символдық ресурс ретінде қолдану арқылы азаттық идеясын саяси ұраннан ұлттық намыс пен ар-ождан категориясына дейін көтерген. Бұл өз кезегінде Алаш әдебиетіндегі қарсылық дискурсының көркемдік-эстетикалық жүйесін айқындайды.

Бернияз Күлеев азаттық идеясын дәстүрлі түрде жалпы халықтық не ерлер бейнесімен ғана емес, әйел дауысы арқылы да репрезентациялайды. Ақын «Бостандық болғанда бір қыздың тілегі» атты өлеңінде:

Қанішер қара құстар мәңгі бітсін,
Келместей кейінгілер кебін тіксің.
Жұрт үшін жанын қиған, арпалысқан
Сабаздар ізгіліктің күнін күтсін [20; 13].

Бұл жолдар арқылы отарлық биліктің символдық бейнесін жасайды. «Қара құс» халықты қан қақсатқан зұлмат күштердің иллюстративті репрезентациясы. Әйел дауысының «келместей кейінгілер кебін тіксің» деуі отарлық жүйенің тарих сахнасынан мәңгілік кетуін меңзей отырып, ізгілік күнін күтуді әйел үміті мен тілегі арқылы негіздейді. Мұндағы «қанішер» эпитеті отаршыл жүйенің деструктивті сипатын үстемелей түссе, «кебін тігу» метафорасы отарлық режимнің саяси ғана емес, онтологиялық өлімін тілеудің биік шырқауы. Ақынның «Қазақ қызы», «Әйелдер сөзі», «Бостандық болғанда бір қыздың тілегі», «1917-жылға», «Бостандық күнінде», «Бұлт (бостандықтан бұрын)», «Әкеме (Қазақ қызы аузынан)», «Қыздың зары» өлеңдерінде азаттық идеясы гендерлік аспектідегі жаңаша мазмұнда көрінеді. Ақын әйел зары мен тілегін ұлттық азаттық дискурсының ажырамас бөлшегіне айналдыру арқылы репрезентацияның поэтикалық көкжиегін кеңейтеді. Бұл бостандық ұғымының тек саяси категория емес, жалпыадамзаттық рухани құндылық ретіндегі мәнін айқындайды.

Мағжан Жұмабайұлы күткен таң 1917 жылы Ақпан төңкерісінен кейін орын алып, іс жүзінде азаттық ұғымын ашық әрі поэтикалық деңгейде жырлауға мүмкіндік берді. Алаш қайраткерлері Ақпан төңкерісін қуанышпен қарсы алып, азаттыққа ашық ұмтылыстар жасады. Алаш қозғалысының басшысы Әлихан Бөкейхан бастаған қазақ оқығандары Алаш партиясын, кейін Алашорда үкіметін құрып, оны автономия ретінде жариялау алғышарттарын даярлады. Алаш партиясының құрылуындағы басты мақсат — «өзінің халқы, тілі, діні және жері бар тәуелсіз мемлекет құру болды» [22]. Бернияз Күлеев патша үкіметі құлағаннан кейінгі қуанышты, азаттыққа деген ұмтылысты «1917 жылға» атты өлеңінде былайша жырлайды:

Қара күштің жаман ойын тапқан жыл,
Кем-кетікке көміс күнде жаққан жыл.
Баулы бұлбұл байлауынан босанып,
Жаңа күннің жарық шамын жаққан жыл [20; 16].

Ақын тарихи оқиғаны жеткізуде поэтикалық құралдарды пайдаланып, «қара күшті» отарлаушы ел, «баулы бұлбұлды» отарланған халық символдары арқылы бейнелейді. «Көміс күн» артта қалып, баулы бұлбұлдың бұғауды бұзып, «жаңа күнге» шам жағуы ұлттың азаттыққа ұмтылған көрінісін көркем суреттейді. Осы кезеңде ұлттық-саяси мінберге айналған «Қазақ», «Сарыарқа», «Жас азамат» т.б. газеттерде азаттықты аңсаған ақындардың өлеңдері тұрақты түрде басылып тұрды. Газет бетінде Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Ғұмар Қараш, Мағжан Жұмабайұлы, Сәбит Дөнентаев, Бернияз Күлеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Ілияс Жансүгіров сынды ақындардың «Өзгеріске», «Алашқа сәлем», «Азаттық күні», «Алашқа», «Сарыарқа анамызға», «Тілек», «Той», «Алаш Ордаға», «Бостандық», «Оқып жүрген жастарға», «Анау-мынау», «Арманым», «Жарлау», «Жас жүрек», «Сарыарқаның жаңбыры», «Шәкірт ойы», «Алаш туы астында», «Өң бе, түс пе», «Дауылдағы әбігер», «Міне, алақай!», өлеңдерінің түрлі әдеби формалар арқылы поэтикалық қуаты күшейіп, азаттық ұғымын той, ай, күн, қуаныш, бақыт, ізгілік періштесі образында репрезентациялады. Сәбит Дөнентаев «Той» өлеңінде қуаныш, той түсінігін өзгеше формада жеткізді:

Соқыр да жүр қуанып,
Көз жатқанмен суалып.
Саңырау да мээ-мейрам,
Екі көзін суарып,
Шойналаңдап ақсақ жүр,
Тойды мақтап, қақсап жүр.
Сыңар аяқ сорлыны,
Әлденеге бастап жүр [23; 96].

Ақын «соқыр», «саңырау», «ақсақ», «сыңар аяқ» образдары арқылы үстем биліктің отарланған халыққа жасаған қасіретін көрсете отырып, халықтың қоғамдық-саяси өмірін, тұрмыс-тіршілігін мүгедек адамдардың бейнесі арқылы таниды. Қажыған, езілген жұрттың той жасағанын ақын кінәлайды, шынайы қайғы-қасіретті көрсете отырып, жалған қуаныштарды тойлайтын халыққа азаттық ұғымын жаңа түсінікте негіздеп, оны тануға итермелейді. Ақын Мағжан Жұмабайұлы қоғамдық-саяси ахуалы әлсіреген, бағзы үнінен ажыраған халыққа «азаттық», «бостандық» ұғымын көктем келген ізгілік періштесі бейнесінде жеткізеді. Ақын «Бостандық» өлеңінде:

Көк есігі ашылды,
Жұмақ нұры шашылды,
Келді ұшып бостандық.
Ғарыш нұрлы жүзі бар,
Кәусар, жібек сөзі бар,
Әдемі, алмас ақ қанат [24; 91].

Бұл жолдар арқылы мифопоэтикалық әрі сакралдық ұғымдар арқылы бостандық бейнесін репрезентациялайды. «Нұрлы жүз», «жібек сөз», «алмас ақ қанат», «жұмақ елшісі» секілді антропоморфтық сипаттар арқылы бостандықты періште кейпіне енгізіп, оны адам басына қонған бақ, қасиетті қонақ деңгейіне көтереді. Дегенмен ақын халықтың бостандық ұғымын кадрлемейтіндігін, бостандық періштесі халықты қанаушылар мен азаптаушылардан құтқарушы екендігін көркем-эстетикалық деңгейде формальды бейнелейді. Одан айырылса, енді қайта келмейтіндігін ескертеді. Дегенмен империя ішіндегі қақтығыстар, билік басына әртүрлі күштердің орнығуы Алаш автономиясының жариялануына мүмкіндік бермеді, яғни М. Жұмабайұлының тілімен айтсақ, «ізгілік періштесі» ақ қанатын көкке тіреп, «кетпекке ұшып ғарышқа, ақ қанатын қомдап тұр»-ды.

Талдау нәтижелерін жинақтай келе, келесідей ғылыми тұжырымдар жасауға болады. М. Дулатұлы, А. Байтұрсынұлы, Ғ. Қараш және Б. Күлеев, М. Жұмабайұлы, С. Дөнентаев шығармаларында азаттық идеясы әртүрлі поэтикалық модельдер арқылы репрезентацияланады. М. Дулатұлы, А. Байтұрсынұлы, Ғ. Қараш поэзиясында азаттық идеясы әлеуметтік-публицистикалық сипатта көрініс тауып, халықтың тарихи тағдыры мен тұрмыстық ахуалын бейнелеу арқылы тарихи-әлеуметтік ретроспекция негізінде беріледі. Б. Күлеев, М. Жұмабайұлы, С. Дөнентаев поэзиясында бұл идея мифопоэтикалық деңгейге көтеріліп, күн, от, жолбарыс, сұр жылан, қара құс тәрізді архетиптік символдар арқылы ұлттық еркіндік идеясын эстетикалық тұрғыдан бейнелейді. Осылайша бірінде азаттық идеясы нақты тарихи шындықпен байланысты дискурстық сипатта көрінсе,

екіншісінде ол символдық-мифологиялық бейнелер арқылы көркемдік тұрғыдан тереңдетіледі. Бұл екі бағыт өзара тоғыса отырып, Алаш әдебиетінде азаттық ұғымының көпқырлы репрезентациясын қалыптастырады. Нәтижесінде тарихи сана мен мифопоэтикалық қиял бірлікте әрекет етіп, ұлттық бостандықтың ортақ көркемдік концепциясын түзеді.

Алаш әдебиетінде тарихи шындық оқиғаларды тікелей көшіру арқылы емес, халықтың тұрмыс-тіршілігін, әлеуметтік мінез-құлық типтерін бейнелеу арқылы көрініс табады. Яғни, репрезентацияның кез келген формасы — шындыққа деген автордың көзқарасын астарлы бейнелейді және ол форма мен мазмұнның бірлігінде жүзеге асады. Бұл ұғым көркем мәтіннің семантикалық және когнитивтік табиғатын ашуды маңызды категория болып саналады. Ол белгілі бір шынайы тарихи оқиғаларды санада, тілде немесе көркем құрылымда бейнелеуді қамтамасыз етеді. Әдебиеттанушы Джеймс Янг жүйелеген репрезентацияны жүзеге асырудағы бірқатар негізгі шарттар Алаш әдебиеті өкілдерінің поэзиясында көрініс табады. Алаш қаламгерлерінің шығармаларына ортақ сюжеттер мен ортақ мазмұнда болуына бірден-бір әсер еткен — азаттық тақырыбы. Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Бернияз Күлеев, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Сәбит Дөнентаев поэзиясы репрезентацияның ниет шарты арқылы белгілі бір объектіні не мақсаты авторлық интенциямен негізделеді. Автордың азаттықты аңсау ниеті көркем мәтіндегі астарлы образдар, композициялық құрылым, мифопоэтикалық және сакралды ұғымдар, тілдік және стилистикалық құралдар арқылы айқындалады. Танылу шарты имплицитті рецепция ұғымымен сипатталады. Мәтіндегі мағынаның оқырман санасында жанама не астарлы түрде ұғынылуы. Міржакып Дулатұлы «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағында оқырман бейнеленіп отырған нысанды немесе оның мағыналық көрінісін тану үшін «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі», «Қазақ халқының бұрынғы мағишаты», «Қазақ жерлері», «Таршылық халіміз хақында аз мінажат», «Жесір дағуалары хақында» өлеңдері арқылы салыстырмалы талдау жасап, өткен тарихи байланыстарға сүйенеді. Сілтеме шартында автордың ойы міндетті түрде бір нысанға, идеяға немесе концепцияға бағытталады. Яғни, автор белгілі бір шындықты ашу үшін немесе белгілі бір идеяны жеткізу үшін оның көркем баламасын ұсынады. Джеймс Янг теориясына сәйкес, Алаш қаламгерлерінің «ниет», «танылу» және «сілтеме» шарттарын шебер қолдануы оқырман санасында азаттық идеясының астарлы түрде қабылдануын қамтамасыз етті.

Тарихи ретроспекция мен мифологиялық қиялдың өзара тоғысуы Алаш әдебиетінде азаттық ұғымының көпқырлы әрі репрезентациялық жүйесін қалыптастырды. Алаш ақындарының шығармаларындағы поэтикалық репрезентация жай ғана көркемдік бейнелеу тәсіл емес, ол ұлттық азаттық жолындағы күрестің символдық және интеллектуалдық құралы қызметін атқарды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Алаш әдебиеті ұлттық сананың қайта ояну дәуірінде қалыптасып, отаршыл билікке әдеби қарсылық арқылы азаттық идеясын көркем тіл арқылы бейнелеп көрсетті. Зерттеу нәтижесінде Алаш әдебиетінің поэзиясындағы азаттық идеясы тек мазмұндық ұран ретінде ғана емес, семантикалық және иллюстративті репрезентация шарттары негізінде мәтінде ниет, танылу, сілтеме, формальды бейнелеулер арқылы көрінетіндігі анықталды. Алаш әдебиетінің өкілдері азаттық ұғымын репрезентациялағанда отарлық билікті «қара жылан», «қара күш», «сұр жылан», «қара құс», «қанішер құс» образдары арқылы бейнелеп, отарлық зұлматтың зардабын көркем-эстетикалық деңгейде суреттейді. Азаттық, бостандық, еркіндік бейнесін «маубас адам», «бақыт құсы», «жыртқыш жолбарыс», «ізгілік күні», «баулы бұлбұл», «жұмақ елшісі» тәрізді символдар арқылы репрезентациялап, азаттықтың рухани және эстетикалық мәнін негіздейді. Мұндай тәсілдер мәтіннің семантикалық өрісін кеңейтіп, ойдың көркемдік жүйесін негіздейді. Ғылыми мақаланың жаңалығы — Алаш әдебиетіндегі азаттық идеясының көркем репрезентациясын поэтикалық құрылыммен байланыстырылып талдануында. Репрезентацияның негізі шарттары мәтіннің құрылымдық және танымдық қызметін жүйелі түрде ашады. А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ғ. Қараш, М. Жұмабайұлы, Б. Күлеев шығармаларындағы азаттық тақырыбы отарлық дискурсқа әдеби қарсылық негізінде метафоралық, аллегориялық, символдық, мифопоэтикалық және сакралдық образдар негізінде репрезентацияланады. Репрезентация теориясы тұрғысынан алғанда, Алаш әдебиетінің поэтикалық жүйесі авторлық ой, тарихи сілтеме, оқырмандық қабылдау арасындағы жасырын диалогтық байланысқа негізделген. Бұл байланыс көркем мәтінді тану және түсіндіру, интерпретациялаудың жаңа деңгейін ұсынады. Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері репрезентация категориялары қазақ әдебиетінің теориялық жүйесіне енгізу қажеттілігін айқындайды. Алаш әдебиетіндегі азаттық

идеясының поэтикалық репрезентациясын талдау ел әдебиетінің көркемдік-эстетикалық дамуы мен бүгінгі әдеби теориялық парадигмалар арасындағы сабақтастықты көрсетуге мүмкіндік берді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Турикбенбаева Н.Т. Репрезентация ұғымы және ғылым салаларындағы қолданысы / Н.Т. Турикбенбаева, Г.Е. Дюсембина, Б.С. Жонкешов // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филологиялық сериясы. — 2025. — № 3. — 428–442-б. DOI: 10.48081/AVHQ3770.
- 2 Young J.O. Literature, Representation, and Knowledge / J.O. Young // *Contemporary Readings in the Philosophy of Literature: An Analytic Approach* / eds. D. Davies, C. Matheson. — Peterborough: Broadview Press, 2008. — P. 359–376.
- 3 Hall S. Representation: Cultural representations and signifying practices / S. Hall; H. Mackay (Ed.). — London: Sage / The Open University, 1997. — 400 p.
- 4 Young J.O. Representation in literature / J.O. Young // *Literature & Aesthetics*. — 1999. — Vol. 9. — P. 127–143.
- 5 Mitchell W.J.T. Picture theory: Essays on verbal and visual representation / W.J.T. Mitchell. — Chicago: University of Chicago Press, 1994. — 472 p.
- 6 Bhabha H.K. The Location of Culture / H.K. Bhabha. — London; New York: Routledge, 1994. — 440 p. DOI: 10.4324/9780203820551.
- 7 Қирабаев С. Классикалық зерттеулер: көп томдық / С. Қирабаев. — Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. — Т. 21: Тәуелсіздік және әдебиет. — 414 б.
- 8 Нұрғали Р. Шығармалары / Р. Нұрғали. — Астана: Фолиант, 2013. — Т. 5: Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: әдеби зерттеулер, эссе және сұхбаттар. I кітап. — 384 б.
- 9 Жұртбай Т. Біртұтас Алаш идеясы: толғаныстар / Т. Жұртбай. — Алматы: Хантәңірі, 2016. — 378 б.
- 10 Ісімақова А. Алаш әдебиеттануы / А. Ісімақова. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2017. — 477 б.
- 11 Әбдиманұлы Ө. XX ғасырдағы қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі (1900–1940): монография / Ө. Әбдиманұлы. — Алматы: Қазақ университеті, 2010. — 155 б.
- 12 Қамзабекұлы Д. Алаш және әдебиет: монография / Д. Қамзабекұлы. — Астана: Фолиант, 2002. — 474 б.
- 13 Щербак Н.Ф. Постколониальная литература: истоки, теории и проблемы (новая идентичность героя и автора постколониальной литературы) / Н.Ф. Щербак // *Полилингвистичность и транскультурные практики*. — 2019. — Т. 16, № 4. — С. 515–527. DOI: 10.22363/2618-897X-2019-16-4-515-527.
- 14 Ісамақова А. Міржақып Дулатұлының шығармашылығы: деколониялық дискурс / А. Ісамақова // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. — 2025. — Т. 151, № 2. — 218–229-б. DOI: 10.32523/2616-678X-2025-151-2-218-229.
- 15 Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы / М. Дулатұлы; құраст. Г. Дулатова, С. Иманбаева. — Алматы: Мектеп, 2013. — Т. 1: Өлеңдер, роман, пьеса, әңгімелер. — 368 б.
- 16 Мұқанов С. Классикалық зерттеулер: көп томдық / С. Мұқанов. — Алматы: Әдебиет әлемі, 2012. — Т. 7: XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. I бөлім (Ұлтшылдық, байшылдық дәуірі). — 420 б.
- 17 Тоқтарбай Е. Алаш және түркілік таным / Е. Тоқтарбай // Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетінің хабаршысы. Филология сериясы. — 2023. — № 3. — 130–140-б. DOI: 10.59102/kufil/2023/iss3pp130-140.
- 18 Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы / А. Байтұрсынұлы. — Алматы: Ел-шежіре, 2013. — Т. 1. — 384 б.
- 19 Жұмабаев М. Жан сөзі: өлеңдер мен дастандар / М. Жұмабаев. — Алматы: Раритет, 2005. — 256 б.
- 20 Бернияз Күлеев. Ақтөбе кітапханасы / Бернияз Күлеев. — Ақтөбе, 2011. — Т. 4. — 280 б.
- 21 Ғұмар Қараш шығармалары [Мәтін]: поэзиялық шығармалары / құраст. Ж. Набиоллаұлы, Қ. Құттымұратұлы. — Орал, 2018. — I том. — 422 б.
- 22 Oskan A. Alikhan Bokeikhan's literary preservation of Kazakh identity against colonial ideology / A. Oskan, D. Qamzabekuly, B. Nuriman // *Kritika Kultura*. — 2024. — No. 45. — Article 2. DOI: 10.13185/1656-152x.103021.
- 23 «Сарыарқа» газеті. 1917–1919 ж.ж. / құраст.: Ф. Әнес, Т. Замзаева, А. Мырзағали. — Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2023. — 808 б.
- 24 Жұмабаев М. Отты Аттила мен едім: өлеңдер / М. Жұмабаев. — Алматы: PS, Халықаралық Абай клубы, 2013. — 340 б.

Zh. Zhylykbauly, R.S. Turysbek

The Poetic Representation of the Idea of Freedom in Alash Literature

The article examines the phenomenon of poetic representation of the idea of freedom in Alash literature. The term representation originates from philosophy, psychology, and linguistics, functioning as a multidisciplinary and polysemous concept. However, in literary studies, the comprehensive theoretical and analytical integration of this term remains limited. The study aims to reveal the nature of the literary process during the Alash period and to identify the poetic mechanisms through which the idea of freedom is represented. To achieve this objective, methods of close reading, hermeneutic interpretation, and critical discourse analysis (CDA) were employed. Definitions of representation by theorists such as Stuart Hall and James Young are analyzed to clarify its literary application and interpretive role in the text. Emerging at the beginning of the 20th century as an aesthetic response to the hegemonic power of colonial discourse, Alash literature revitalized the literary process, opening new directions in poetics, artistic form, and ideological interaction. The authors of Alash literature, grounding the idea of freedom in the socio-political context of their time, represented it through metaphorical, allegorical, symbolic, mythopoetic, and sacred imagery. Such forms of representation make it possible to examine the semantic and aesthetic functions of the artistic text more deeply. Based on the works of A. Baitursynuly, M. Dulatuly, M. Zhumabayuly, and G. Karash, the study analyzes how representation manifests in poetic texts. Using the key principles of intentionality, recognition, and aboutness, it explores how the author's worldview is implicitly expressed through the unity of form and content. In Alash poetry, the idea of freedom becomes the core of artistic representation, revealing the nation's spiritual resistance and aspiration for independence through symbolic images and metaphors of liberation. The study concludes that representation not only conveys the author's perception of reality but also shapes textual unity and enhances the reader's interpretive engagement. This research contributes to understanding how the freedom idea in Alash literature reflects the formation of Kazakhstan's modern national consciousness and spiritual independence.

Keywords: Alash literature, representation, literary resistance, literary process, poetics, creative interrelation, literary imagery.

Ж. Жылкыбайұлы, Р.С. Турысбек

Поэтическая репрезентация идеи свободы в литературе Алаш

В статье всесторонне рассматривается феномен поэтической репрезентации идеи свободы в литературе Алаш. Термин «репрезентация» пришёл в гуманитарное знание из философии, психологии и лингвистики и является многозначным понятием, применяемым в междисциплинарном контексте. Однако в литературоведении наблюдается недостаток исследований, в которых репрезентация рассматривалась бы комплексно и системно. Цель данного исследования — выявить особенности развития литературного процесса в период Алаш, определить поэтические функции художественного текста и предложить аналитические подходы к осмыслению поэтической репрезентации идеи свободы. Для достижения данной цели были применены методы тщательного анализа текста (close reading), герменевтической интерпретации и критического дискурс-анализа (CDA). В статье анализируются определения термина репрезентация, предложенные такими исследователями, как Стюарт Холл и Джеймс Янг, а также рассматриваются их выводы о специфике применения данного понятия в литературе и его функциональной роли в тексте. Литература Алаш, возникшая в начале XX века как эстетическая реакция на гегемонию колониальной власти, возродила национальный литературный процесс, открыв новые направления в области поэтики, художественной формы и идейного взаимодействия. Репрезентация идеи свободы у представителей Алаш, опирающаяся на общественно-политический контекст эпохи, реализуется через метафорические, аллегорические, символические, мифопоэтические и сакральные образы. Эти формы художественного выражения позволяют глубже исследовать семантические и эстетические функции текста, выявить особенности его смыслового пространства. На материале произведений А. Байтурсулулы, М. Дулатулы, М. Жумабайулы и Г. Караша анализируется функционирование репрезентации в художественном тексте. В исследовании применены категории намеренности, распознавания и референциальности, посредством которых прослеживается имплицитное выражение авторского отношения к действительности, проявляющееся в единстве формы и содержания. В поэзии Алаш идея свободы становится центральным ядром художественной репрезентации: через символические образы колониального дискурса и метафоры освобождения выражается духовное сопротивление народа и его стремление к независимости. Репрезентация, как показано в статье, не только отражает мировоззрение автора и его отношение к реальности посредством исторических отсылок, но и способствует формированию смыслового единства текста, углубляет восприятие произведения читателем и активизирует его интерпретационную деятельность. В работе показано, что репрезентация выполняет функцию осмысления авторского замысла и объекта изображения, а также служит средством художественного воплощения исторической истины. Автор статьи выражает надежду,

что данное исследование внесёт вклад в осмысление значения идеи свободы в творчестве представителей литературы Алаш в контексте формирования национального самосознания и духовной независимости современного Казахстана.

Ключевые слова: литература Алаш, репрезентация, литературное сопротивление, литературный процесс, поэтика, творческое взаимодействие, художественный образ.

References

- 1 Turikbenbaeva, N.T., Diusembina, G.E., & Zhonkeshov, B.S. (2025). Rerezentatsiia ugymy zhane gylym salalaryndagy goldanysy [The concept of representation and its use in sciences]. *Toraigyrov universitetinin Khabarshysy. Filologiyalyq seriiasy — Bulletin of Toraighyrov University. Philological Series*, 3, 428–442. <https://doi.org/10.48081/AVHQ3770> [in Kazakh].
- 2 Young, J.O. (2008). Literature, representation, and knowledge. In D. Davies & C. Matheson (Eds.), *Contemporary readings in the philosophy of literature: An analytic approach* (pp. 359–376). Peterborough: Broadview Press [in English].
- 3 Hall, S. (1997). *Representation: Cultural representations and signifying practices*. H. Mackay (Ed.). London: Sage / The Open University [in English].
- 4 Young, J.O. (1999). Representation in literature. *Literature & Aesthetics*, 9, 127–143 [in English].
- 5 Mitchell, W.J.T. (1994). *Picture theory: Essays on verbal and visual representation*. Chicago: University of Chicago Press [in English].
- 6 Bhabha, H.K. (1994). *The location of culture*. London; New York: Routledge. <https://doi.org/10.4324/9780203820551> [in English].
- 7 Kirabaev, S. (2013). *Klassikalyq zertteuler: kop tomdyq. T. 21: Tauelsizdik zhane adebiet* [Classical studies. Vol. 21: Independence and literature]. Almaty: Adebiet alemi [in Kazakh].
- 8 Nurgali, R. (2013). *Shygarmalary: T. 5: Qazaq adebietinin altyn gasyry: adebi zertteuler, esse zhane sukhbattar. I kitap* [Works. Vol. 5: The golden age of Kazakh literature: literary studies, essays, and interviews. Book I]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 9 Zhurtbai, T. (2016). *Birtutas Alash ideiasy: tolganystar* [The unified Alash idea: reflections]. Almaty: Khantaniri [in Kazakh].
- 10 Isimaqova, A. (2017). *Alash adebiettanuy* [Alash literary studies]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 11 Abdimanuly, O. (2010). *XX gasyrdagy qazaq adebietinin algashqy kezeni (1900–1940): monografiia* [The early stage of Kazakh literature in the 20th century (1900–1940): monograph]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 12 Kamzabekuly, D. (2002). *Alash zhane adebiet: monografiia* [Alash and literature: monograph]. Astana: Foliant [in Kazakh].
- 13 Shcherbak, N.F. (2019). Postkolonialnaia literatura: istoki, teorii i problemy (novaia identichnost geroia i avtora postkolonii) [Postcolonial literature: origins, theories, and problems (new identity of hero and author of postcolonies)]. *Pollingvialnost i transkulturnye praktiki — Polylinguality and Transcultural Practices*, 16(4), 515–527. <https://doi.org/10.22363/2618-897X-2019-16-4-515-527> [in Russian].
- 14 Ismakova, A. (2025). Mirzhaqyp Dulatulyнын shygarmashylygy: dekoloniialyq diskurs [The works of Mirzhaqyp Dulatuly: decolonial discourse]. *L.N. Gumilev atyndagy Euraziia ul'tyq universitetinin Khabarshysy. Filologiya seriiasy — Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University. Philology Series*, 151(2), 218–229. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2025-151-2-218-229> [in Kazakh].
- 15 Dulatuly, M. (2013). *Alty tomdyq shygarmalar zhinagy. T. 1: Olender, roman, pesa, angimeler* [Collected works in six volumes. Vol. 1: Poems, novel, play, stories]. G. Dulatova & S. Imanbaeva (Comps.). Almaty: Mektep [in Kazakh].
- 16 Mukanov, S. (2012). *Klassikalyq zertteuler: kop tomdyq. T. 7: XX gasyrdagy qazaq adebieti. I bolim (Ultshyldyq, baishyldyq dauiri)* [Classical studies. Vol. 7: Kazakh literature of the 20th century. Part I (Era of nationalism and bayshylyk)]. Almaty: Adebiet alemi [in Kazakh].
- 17 Toktarbai, E. (2023). Alash zhane turkiklik tanym [Alash and Turkic worldview]. *Shoqan Ualikhanov atyndagy Kokshetau Universitetinin kbarshysy. Filologia seriiasy — Bulletin of Shokan Ualikhanov Kokshetau University. Philological Series*, 3, 130–140. <https://doi.org/10.59102/kufil/2023/iss3pp130-140> [in Kazakh].
- 18 Baitursynuly, A. (2013). *Alty tomdyq shygarmalar zhinagy. T. 1* [Collected works in six volumes. Vol. 1]. Almaty: El-shezhire [in Kazakh].
- 19 Zhumabaev, M. (2005). *Zhan sozi: olender men dastandar* [Soul's word: poems and epics]. Almaty: Raritet [in Kazakh].
- 20 Kuleev, B. (2011). *Aqtobe kitapkhanasy. T. 4* [Aktobe library. Vol. 4]. Aqtobe [in Kazakh].
- 21 Zhantas, N., & Kuttymuratuly, Q. (2018). *Gumar Qarash shygarmalary: I tom. Poeziialyq shygarmalary* [Works of Gumar Karash. Vol. I: Poetry]. Oral [in Kazakh].
- 22 Oskan, A., Qamzabekuly, D., & Nuriman, B. (2024). Alikhan Bokeikhan's literary preservation of Kazakh identity against colonial ideology. *Kritika Kultura*, 45, Article 2. <https://doi.org/10.13185/1656-152x.103021> [in English].
- 23 Anes, G., Zamzaeva, T., & Myrzagali, A. (Comps.). (2023). «Saryarqa» gazetі. 1917–1919 zh.zh. [Newspaper "Saryarka". 1917–1919]. Almaty: «Alashorda» qogamdyq qory [in Kazakh].
- 24 Zhumabaev, M. (2013). *Otty Attila men edim: olender* [I was fiery Attila: poems]. Almaty: PS, Khalyqaralyq Abai kluby [in Kazakh].

Information about the authors

Zhauyinbai Zhylykbauly — Doctoral Candidate, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: Jauinbai01@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0009-0004-5603-619X>

Rakhymzhan Sagymbekuly Turysbek — Doctor of Philology, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan; e-mail: rst58@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1322-5263>